

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

2019 жылы 11 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінде мектеп бітіруші түлектерге арналған дәстүрлі «Ашық есік күні» шарасы болып өтті. Оған Алматы қаласының ҰБТ-ға кәсіби пән ретінде дүниежүзі тарихы мен ағылшын тілін таңдаған мектеп бітіруші түлектер қатысты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бірінші болып мемлекеттік аттестациядан өткен және барлық мамандықтар мен дәрежелер бойынша білім қызметін жасайтын, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшбасшысы.

Шығыстану факультеті Қазақстанның шығыс тілдерін игерген жоғары білікті мамандар даярлайтын ірі орталығы болып табылады. Бүгінгі Шығыстану факультеті – бұл жоғары педагогикалық кадрлар жұмыс істейтін, қызықты әрі шығармашылық оқу-тәрбиелік үдеріс жүзеге асатын, ғылыми зерттеулер жүргізілетін мойындалған қазақстандық ориенталистика орталығы.

Ашық есік күні шарасында деканның оқу, методикалық және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Канафьева Шынар Ерланқызы мектеп бітіруші түлектер алдында сөз сөйледі. Декан орынбасары Шығыстану факультеті жайлы жалпы мәліметті ғана емес, факультет қабырғасынан шыққан танымал және беделді түлектерді айта отырып, оқушыларды келешектегі мансап мүмкіндіктерімен таныстырды. Жиналғандар назарына Шығыстану факультетіндегі бекітілген мамандықтар, оқу орнының жалпы тыныс-тіршілігі, жетістіктері жайында бейнефильм көрсетілді.

Сонымен қатар, аға-куратор эдвайзер Шәріпқазы Нұртәліп, Жапониядан шақырылған профессор Ниномия Такаши, Түркиядан шақырылған оқытушы Селенай Балоглу және де хинди тілінің маманы, оқытушы Искакова Зауре Ереновна мектеп бітіруші түлектерге шығыс тілдерін оқудың, зерттеудің үлкен мүмкіндіктерін сөз етті.

Сондай-ақ іс-шара аясында факультет ішінде экскурсия ұйымдастырылды. Келген оқушылар Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия, Түрксой және Қытайтану кафедраларын, факультеттің зерттеу орталықтары мен аудиторияларды, «Шығыс мұражайын» аралады.

Іс-шара факультеттің студенттер деканы Кенжеғалиева Дана және студенттердің ұйымдастырған қызықты концертпен жалғасын тапты. Мектеп түлектері студенттермен жақын танысып, уақытты көңілді өткізіп, Шығыстану факультеті жайлы жылы естеліктер мен жақсы әсер алып қайтты.

**Әйгерім БАЛАХОЖАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығыстану факультеті**

Түрксой кафедрасының аға оқытушысы

